

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығының орындалу барысы және оны іске асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2001 жылғы 7 ақпан N 11-ө

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 U000427_ Жарлығын одан әрі іске асыру мақсатында :

1. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары:

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығында көзделген тапсырмалардың орындалуын бақылауды күшейтсін;
- 2) көрсетілген тапсырмалардың орындалмауы немесе тиісінше орындалмауы фактілері анықталған жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен кінәлілерді жауапкершілікке тарту жөнінде шаралар қолдансын және тиісті аппаратты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне ұсынсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығының 1-тармағының 1) тармақшасын түпкілікті орындау мақсатында қосымшаға сәйкес құрамда Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу мәселелері жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі - Жұмыс тобы) құрылсын.

3. Жұмыс тобы 2001 жылғы 1 мамырға дейін функционалдық талдау негізінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың құрылымдарын құрудың үлгілік стандарттары, ең аз шығындармен басқарудың тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарын негіздемемен мен есептеулерін қоса беріп, ұсынсын.

4. Министрлер мен агенттіктердің төрағалары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері :

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427

Жарлығын іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастырсын;

- 2) істелген жұмыс туралы аппаратты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-не тоқсан сайын ұсынып отырсын.

5.

Ескерту. 5-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.08.07. N 61
өкімімен.

R010061_

Ескерту. 5-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.07.31. N 115
өкімімен.

R020115_

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2001 жылғы 7 ақпандағы
N 11-ө өкіміне
қосымша

Әкімшілік реформаны одан әрі жүргізу мәселелері жөніндегі
жұмыс тобының құрамы

Тілеубердин - Қазақстан Республикасы
Алтай Абылайұлы Премьер-Министрі Кеңсесінің
Басшысы, жетекші;

Жәмішев - Қазақстан Республикасының
Болат Бидахметұлы Қаржы бірінші вице-министрі;

Андрющенко - Қазақстан Республикасының
Александр Иванович Экономика және сауда вице-министрі

Донақов - Қазақстан Республикасының
Талғат Советбекұлы Әділет бірінші вице-министрі;

Өмірбаев - Қазақстан Республикасының
Әділхан Әбдірахманұлы Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау вице-министрі;

Оспанов - Қазақстан Республикасының
Қанат Төлеуұлы Стратегиялық жоспарлау
жөніндегі агенттігі төрағасының
орынбасары (келісім бойынша);

Котенко - Қазақстан Республикасы
Наталья Леонидовна Премьер-Министрінің Кеңесі
Экономикалық бөлімінің
меңгерушісі;

Ушуров - Қазақстан Республикасының
Игорь Арлиевич Президенті Әкімшілігінің бас
сарапшысы (келісім бойынша);

Ахметжанов - Қазақстан Республикасының
Саян Қылышұлы Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігінің департамент
директоры (келісім бойынша).

Мамандар:

Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.